

«Қараменді батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

«Даналық мектебі» клубы

2024-2025 оқу жылы

«Даналық мектебі» клубы

«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысушылардың теңдігі тұрғысынан жұмысты қамтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудағы әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өзінің қызмет форматына сәйкес «Даналық мектебі» клубы білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесімен бөлісуге дайындығын ескере отырып, ерікті негізде құрылады.

«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже: позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Клуб отырыстарының тақырыбын айқындау кезінде Қазақстанның мәдени бірегейлігін сақтау және дамыту мақсатында міндетті түрде қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлеріне сүйену қажет. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын басқа этностардың мұрасын ескере отырып, клуб қатысушыларының кездесулерінің тақырыбы мен мазмұнын мүмкіндігінше байыту ұсынылады.

Осыған байланысты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында сөйлеген сөзінен маңызды тезисті еске алған жөн: «Саналуандықтағы бірлік – бұл ұлттық бірлікті сақтау мен нығайтудың іргелі қағидаты. Біз бұл қағиданы болашақта да ұстануымыз керек».

«Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады.

«Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыруға білім беру ұйымының директоры жауапты. Жұмыстың тікелей кураторы директордың тәрбие жөніндегі орынбасары болып табылады.

Клуб аясында ұсынылатын жұмыс түрлері: интерактивті дәрістер; әңгімелер, тақырыптық пікірталастар; қызықты адамдармен кездесулер; бейнематериалдарды қарау және талқылау; шығармашылық кештер және т. б.

«Даналық мектебі» клубының жоспары мен жұмыс кестесін мектеп директоры бекітеді. «Даналық мектебі» клубы аясындағы кездесулердің жиілігі әрбір білім беру ұйымының ата-аналар қауымының сұраныстарына сәйкес айқындалады.

Клуб қызметіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету үшін клуб мүшелерінің азды-көпті тұрақты құрамы жұмыс істегені жөн. Сонымен қатар, клуб шеңберіндегі отырыстар мен кездесулердің әртүрлі тақырыптары үнемі жаңа қатысушыларды тартуға ықпал ететіні анық.

Клубтың танымалдылығын арттыру үшін бірқатар міндетті шарттарды қамтамасыз ету қажет деп санаймыз:

- отырыстарды сапалы өткізу;
 - аға буынның белсенді және ресурстық өкілдерін тарту;
 - жобаны іске қосу алдында ақпараттық науқанды, оның ішінде ауданда, қалада, ауылда жалпы ынталандырушы іс-шараны өткізу;
 - ата-аналардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
 - жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік (Ардагерлер кеңесі, белсенді ұзақ өмір орталықтары және т.б.), басқа ата-аналар клубтарының өкілдерін тарту.
- Клубтың қызметіне мониторинг жүргізу, жекелеген отырыстар мен кездесулерді өткізу сапасын айқындау үшін мыналарды ескеру қажет:

- клуб қызметі туралы сұрақтарды мектепшілік бақылау жоспарына енгізу;
- қатысушылардың қанағаттану деңгейін анықтау үшін тұрақты сауалнамалар жүргізу.

Клубтың қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде келесі форматтар арқылы кеңінен жариялануы керек:

- тікелей эфирлер;
- сұхбат;
- есеп беру;
- маңызды оқиғалар туралы хабарландырулар;
- пікір алмасу.

Еліміздегі білім беру ұйымдарының клубтық бірлестіктері іс-шараларының үздік сценарийлері Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының цифрлық платформасында жарияланатын болады.

«Қыз Жібек» қыздар үйірмесінің негізгі мақсаты:

Қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынай Қыз Жібек қалыптастыру және оқушы қыздардың сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздару ортасын құру.

«Қыз Жібек» ұйымының міндеттері:

- тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;
- ұрпаққа берілер ұлттық тәрбие көзі ретінде даярлау;
- кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- сұлулық пен денсаулықты сақтаудың, саламатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрену;
- қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтарымен сабақтастыру;
- болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау;
- салт-дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу;
- үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру.

«Әкелер мектебінің» жұмыс жоспары

Мақсаты: баланы тәрбиелеу мен дамыту мәселелеріне әкелерді тарту, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының күш - жігерін біріктіру.

Міндеттері:

- әкенің беделін көтеру және оның отбасында балаларды тәрбиелеуде ықпалын арттыру;
- балаларды жан-жақты дамыту процесінде әкелер мен педагогтердің өзара әрекетін ықпалдастыру;
- әкелерді балалармен бірге түрлі әрекеттерді ұйымдастыруға және бірлесіп өткізуге тарту;
- балалар мен әкелер арасында оң қарым-қатынас қалыптастыру;
- балаларды тәрбиелеуде әкелерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- ата-аналардың (занды өкілдердің) педагогикалық мәдениетін арттыру;
- отбасы мүшелерін өзара келісуге және оларды басқа әлеуметтік салаларда қолдана білуге үйрету.

«Әжелер» клубы

Мақсаты: қыз бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізә және оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыру

Міндеттері:

Қыз балалардың ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын, этика-эстетикалық талғамдарын, ойлау кабілетін арттыру, ұлттық құндылықтарды саналарына сіңіру,

Әдеп нормаларын ұстауға уйрету,

Қазақ халқының әдет-құрпы мен салт-дәстүрлері кең көлемді мағлұмат беру,

Жан-жақты білімді болуға, дәстүрді құрметтеуге, сақтауға, имандылыққа баулу.

Аналар Клубтың міндеттері:

ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімін арттыру;

отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесін анықтау;

білім беру қызметтері саласында топаралық және тұлғааралық жанжалды жағдайлардың алдын алу мақсатында ата-аналар қауымдастығын біріктіруге ықпал ету;

ата-аналар мен білім беру ұйымдары арасында сенімді қарым-қатынас орнату;

салауатты өмір салтын насихаттау, балалардың денсаулығын сақтау және т.б. бойынша бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде балалар мен ата-аналардың өзара жағымды қарым-қатынасын орнату;

ата-аналар қоғамдастығы арасында әлеуметтік-психологиялық қызметтердің жұмысын танымал ету.



«Қараменді батыр» КММ
«Даналық мектебі» жылдық жоспары.
2024-2025

	№	Сабақтың тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қыздар клубы	«Қыз бой жетсе» тренингі	Жыл бойы	Берікбайқызы Ж
2		«Бұрымды қыз» челленджі	Жыл бойы	Берікбайқызы Ж
3	Әжелер клубы	«Жеке бас гигиенасы дегеніміз.....» әңгімесі	Жыл бойы	Жумабекова К.Е.
4		Өнегелі сабақ	Жыл бойы	Жумабекова К.Е., Смагулова Р
5	Аналар клубы	Көңілді эстафеталар	Жыл бойы	Абенова А
6		«Ажырамас қыздар»	Жыл бойы	Абенова А
7	Әкелер клубы	«Отбасы құндылығы» әңгімесі	Жыл бойы	Шрамко Д
8		Футбол сайысы	Жыл бойы	Шрамко Д

ДТІЖО :  Сатвалдинова Д.Ш.